

## 1982-1991 жылдары туған азаматтарды 2009 жылғы көктемде және күзде әскери қызметке шақыру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 121 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 мамырда N 5-16-74 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 18 мамырдағы № 130 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2010.05.18 № 130 (қолданысқа енгізілу тәртібін 13-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74-111 Заңының 19, 20, 21, 23 бабтарына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген, әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығының 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды дер кезінде және сапалы қамтамасыз ету мақсатында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31 бабының 1 тармағының 8 тармақшасын, 37 бабының 1, 2 тармақтарын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтарды мерзімді әскерге шақыру кезінде он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі еркек жынысты, шақыруды кейінге қалдыруға және шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығырылған, жасы жиырма жетіге толмаған, белгіленген әскери қызмет мерзімін өткермеген азаматтарды 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан – желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Республикалық Ұланына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне мерзімді әскери қызметке шақыруды Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығымен ұйымдастырсын.

2. 1982-1991 жылы туған азаматтарды аудан аумағында мерзімді әскери

қызметке шақыруды жүргізу жөніндегі комиссия құрылсын. (№ 1 қосымша)

3. № 1 медициналық бірлестіктің директоры (келісім бойынша) Д.Итбаев төмендегі жұмыстарды атқару ұсынылсын:

- азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу үшін білікті дәрігер - мамандар мен орта буындағы медицина қызметкерлерін бөлу;

- азаматтарды флюорографиялық, кардиологиялық және басқа медициналық талдау түрлерінен өткізуді қамтамасыз ету;

- медициналық куәландыру және емдеу жүргізетін мекемелерінің тізбесін аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге ұсыну;

- аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің жолдамасы бойынша жіберілген азаматтарды қосымша тексеріп, емделуін қамтамасыз ету;

- шақыру учаскелерін қажетті медикаменттермен, құралдармен және медициналық мүліктермен жабдықтау;

- азаматтарды медициналық куәландыру аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің тізім-кестесіне сай жүргізу.

4. Әскерге шақырылушылардың білім деңгейін анықтау тобы құрылсын (№ 2 қ о с ы м ш а ) .

5. Аудандық білім беру бөлімінің бастығы Т.Жақыпбаев Абай атындағы (Ақжар) және К.Нұрбаев атындағы (Ақсуат) орта мектептерінде әскерге шақырылушылардың білім деңгейін анықтау үшін арнайы бөлме және спорт алаңдарын даярлау міндеттелсін.

6. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы (келісім бойынша) Е.Сейлханов әскерге шақыру кезінде аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліммен өзара бірлескен іс– қимылын ұйымдастыру, қорғаныс істері жөніндегі бөлімге әскерге шақырылудан жалтарып жүрген азаматтарды іздестіге ықпал жасау, шақыру учаскелерінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Аудандық қаржы бөлімінің бастығы Ж.Бекбаев 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке шақыру науқанын қажетті қаржымен қамтамасыз етсін.

8. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (келісім бойынша) А.Қарабиев көктемде және күзде әскерге шақыру науқанының өту барысы жөнінде аудан әкіміне баяндап отыру ұсынылсын.

9. Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 3 сәуір № 151 аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 21 сәуір № 5-16-54 тіркелген қаулысының күші ж о й ы л д ы д е п е с е п т е л с і н .

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Әзімхановқа жүктелсін.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

А. Әубәкіров

К е л і с і л д і :

Аудандық қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімінің бастығы А. Қарабиев  
Аудандық ішкі істер  
бөлімінің бастығы Е. Сейлханов  
№ 1 медициналық бірлестіктің  
директоры Д. Итбаев

Аудан әкімдігінің  
2009 жылғы «14» сәуірдегі  
№ 121 қаулыға № 1 қосымша

**1982-1991 жылдары туған азаматтарды аудан аумағында  
мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу жөніндегі  
комиссияның құрамы**

Қарабиев Абдрахман Жұмашұлы	- Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Тайшөгелов Айдос Жанабайұлы	- Аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары
Тоқтау Айбол Тоқтауұлы	- Аудандық ішкі істер бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы (келісім бойынша)
Аширов Ақылжан Габдимұлы	- Аудандық орталық емхананың тіс дәрігері, (әскерге шақыру комиссиясының аға дәрігері), комиссия мүшесі (келісім бойынша)
Дүйсенбаев Даулет Дүйсенбайұлы	- № 1 Ақжар ауруханасының дәрігер – хирургы, (әскерге шақыру комиссиясының аға дәрігері), комиссия мүшесі (келісім бойынша)
Нұрғалиева Күлімхан Жексенбайқызы	- аудандық орталық емхананың мейірбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Аудан әкімдігінің  
2009 жылғы «14» сәуірдегі  
№ 121 қаулыға № 2 қосымша

**Әскерге шақырушылардың білім  
деңгейін анықтау тобының құрамы**

Абдилбаев Нұртас Тұрысбекұлы	- Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, топ жетекшісі (келісім бойынша)
Топ мүшелері:	
Оспанов Сансызбай Қожахметұлы	- Аудандық білім беру бөлімінің бастапқы әскери даярлық пәні бойынша әдіскері
Ильясов Әділ Әшкенұлы	- К.Нұрбаев атындағы орта мектебінің мұғалімі
Ахметжанова Оралхан Нұранбасқызы	- Аудандық орталық емхананың дәрігер - психиатры (келісім бойынша)

Абылқасымова  
Төлеуханқызы

Айгүл

- № 1 Ақжар ауруханасының дәрігер - психиатры (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК